

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті  
Казахский национальный педагогический университет имени Абая

# ХАБАРШЫ ВЕСТНИК

«Психология» сериясы

Серия «Психология»

№1(42), 2015

Алматы

**ХАБАРШЫ**

«Психология» сериясы, №1(42), 2015

Шығару жиілігі - жылына 4 нөмір. 2000 ж. бастап шығады

**Бас редактор**

*психол.г.д., проф.*

**Ж.И. Намазбаева**

**Редакция алқасы:**

*РҒО докторы, гонорар-проф. Н.А.*

**Михайлова** (Дюссельдорф), *РҒО*

*докторы Н.Л. Нагибина* (Берлин),  
*проф. А.Р. Ерментаева, психол.г.к., доц.*

**Ж.К. Ибраимова**, *психология магистры*

**А.С. Косшыгулова** (жауапты хатшы)

© **Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, 2015**

Қазақстан Республикасының мәдениет және ақпарат министрлігінде 2009 жылы мамырдың 8-де тіркелген №10103 -Ж

Басуға 06.03.2015 қол қойылды. Пішімі 60x84 1/8. Көлемі 15,75 е.б.т. Таралымы 300 дана. Тапсырыс 17.

050010, Алматы қаласы, Достық даңғылы, 13.  
Абай атындағы ҚазҰПУ

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің «Ұлағат» баспасы

Namazbaeva Zh.I., Sadykova A.B. The content of the psychological support of the educational system In Kazakhstan .....	3
Намазбаева Ж.И., Садыкова А.Б. Содержание психологического обеспечения образовательной системы в Казахстане .....	7
Kasymova G. M. Practice of psychological support of children and adolescents with cancer in medical institution .....	12
Касымова Г.М. Практика психологического сопровождения детей и подростков с онкозаболеваниями в условиях лечебного учреждения .....	17
Исабекова Т.Ш. Бастауыш білім берудегі қарым-қағынас мәселесінің психологиялық ерекшеліктері .....	22
Ибраимова Ж.Қ. Тұлғаның өмірлік іс-әрекетіндегі рефлексияның негізгі рөлі .....	25
Бекмуратова Г.Т. Біліктілікті жетілдіру институты әдіскерлерінің ұжымдағы қарым-қатынасының ерекшеліктері 27 Ибашова М.С. Психикалық сауықтыру орталығы психологы жұмысының ерекшеліктері .....	35
Акажанова А.Т., Базильбаева А.К. Қылмыстық-атқару жүйесі қызметкерлерінің жабық мекеме психологтарымен бірлесіп атқаратын іс-әрекеттері мен негізгі міндеттері .....	37
Сейдулаев К.Б. Особенности профессиональной подготовки в контексте психолого-педагогической диагностики .....	40
Омирбекова С.Ж. Влияние половых различий на самооценку .....	43
Метербаяева К.М. Мектепалды даярлық тобы балаларының сөздік қорын дамытудың психологиялық негіздері .....	46
Сахиева Ф.Ә., Бердібаева С.Қ. Қазақстанның титулды этносының құндылық бағдарын зерттеудегі теориялық шолу 52 Лавриненко Н.С. Диагностика эмоциональных особенностей личности будущих специалистов .....	55
Сабилова Р.Ш., Турганбаева Ж.Ж. Психологические дисфункции в рамках бихевиористской экономики .....	58
Байкулова А.М. Мектептегі өзін-өзі басқару жүйесі арқылы Оқушы лидерді қалыптастыру жолдары .....	61
Абдуллаева Г.О., Киргизбаева А.М. Қазіргі қоғамдағы отбасы тәрбиесінің ерекшеліктері .....	64
Зыкова Н.М. Девиантное поведение в молодежной среде. 67 Ауталипова Е.Н. The ітрасі оГ тоіһег оп chіlel'з etoііопаі Іпleіііşepce (EI) .....	72
Ахметова Г.Б., Абдеева С.Б. Оқу процесін ұйымдастырудағы педагогикалық қарым-қатынастың психологиялық мәселелері .....	76
Наубаева Х.Т., Елубаева Г.А. Жоғары оқу орнында білім сапасының нәтижелі болуына танымдық әрекеттердің психологиялық әсері .....	79
Абдрахманова Р.Б., Асадилаева А.Т. Психологическое сопровождение безопасности субъектов дорожного движения	

Казахский национальный педагогический университет имени Абая

ВЕСТНИК

Серия «Психология», №1(42), 2015

Выходит с 2000 шда. Периодичность - 4 номера в год

Главный редактор

д.психол.н., проф.

Ж.И. Намазбаева

Редакционная коллегия:

доктор РҒВ, гонорар-проф.

Н.А. Михайлова (Дюссельдорф),

доктор РҒВ Н.Л. Нагибина

(Берлин), проф. А.Р. Ерментаева,

к.психол.н., доц. Ж.К. Ибраимова,

магистр психологии А.С,

Косшыгулова (ответ. секретарь)

© Казахский национальный педагогический университет имени Абая, 2015

Зарегистрировано в Министерстве культуры и информации Республики Казахстан 8 мая 2009 г. №10103-Ж

Тоқсанбаева Н.Қ., Жубаназарова Н.С.,  
Нағашбекова М.Б., Узакбаева Л.Е. Этносаралық  
толеранттылық пен қарым-қатынастың кросс-мәдени  
ерекшеліктерін теориялық  
зерттеу ..... 85

Исалиева С.Т. Современные подходы к пониманию  
аналитической деятельности. .... 88

Бекмуратова Г.Т., Альбекова Г.Ж. Мектепке дейінгі балалармен  
и<үргізілетін логопедиялық жұмыстың ерекшелігі  
бағдарлы білім беру негізінде қалыптастыру ..... 92

..... 96

Абдиева Г.И. Личностно-профессиональное самоопределение как  
основное новообразование юношеского  
возраста. .... 98

Қалымбетов Д.А. Студентке қажетті жауапкершілікті  
дамытудың психологиялық-педагогикалық шарттары..... 101

Әділханқызы С. Жеткіншек жастағы балалардың девиантты  
мінез-құлықтарының белгілері.....

..... 104

Манабаева А.К. Отбасындағы баланың қарым-қатынас  
мәселесі..... 107

Исабаева Ж. Дарындылық критерийлері..... 110

Тоймбаева Д. Оқу процесіндегі оқушылар мен оқытушылардың өзара  
байланысының психологиялық

ерекшеліктері..... 112

Жақсылық З. Педагогикалық ЖОО студенттерінің денсаулықтарына  
күндылықтық қатынастарын дамытудың

психологиялық-педагогикалық шарттары. ....

..... 115

Әбдіғапбарова Ү.М., Шалдырмасова М.Б. Балалардың  
шығармашылық қабілетін дамытудағы ұлттық ойындардың

рөлі.....

Подписано в печать 06.03.2015. Формат 60x84 1/8.

Объем 15,75 уч.-изд.л. Тираж 300 экз. Заказ 17.

050010, г. Алматы, пр. Достык, 13. КазНПУ им. Абая

Издательство «Ұлағат» Казахского национального педагогического университета имени Абая

На основании решения Комитета по контролю в сфере образования и науки (приказ №433-3 ж от 26 июня 2003 г.) Вестник КазНПУ им. Абая, серия «Психология» внесен в перечень изданий для публикаций основных научных результатов диссертаций по психологическим наукам.

құбылыс. Ол оқыту үрдісінде, отбасында, кез келген элеуметтік ортада ойды дұрыс, түсінікті, анық, дәл, әсерлі әрі әдеби түрде тіл нормасын, тіл тазалығын сақтай отырып, жеткізе білу шеберлігін білдіреді.

Қарым-қағынастық әрекетте бастауыш мектепте жоғарыда аталған мәселелер басшылыққа апынып, оқу-тәрбие үрдісі ұйымдастырылатын болса, бүгінгі таңдағы қазақ мектептерінің өзекті мәселелерінің бірі - оқушылар арасындағы қарым-қатынас мәдениетін көтеру, өз ойын айқын жеткізе алатын, кез- келген ортаға тез бейімделетін, өзара қарым-қатынаста өзін еркін ұстай алатын, өз ойы мен пікірін ашық айта білетін, мәдениеті жеке тұлға қалыптастырып, азаматтарды тәрбиелеу мәселелері біршама шешіле- тіні анық.

1 *Выготский Л. С. Собрание сочинений в 6-ти томах. - М.: Педагогика. Детская психология, 1984.*

2 *Давыдов В.В. Психология развития в младшем школьном возрасте. В кн.: Возрастная педагогика психология (подред. А.В. Петровского 2-е изд. - М.: Просвещение, 1979 6 69-100.*

3 *Эльконин Д.Б. Психическое развитие в детских возрастах: Избранные психологические труды. - М.-Воронеж, 1995 -с. 416.*

4 *Ананьев Б.Г. Человек как предмет познания. ЛГУ, 1968.*

5 *Божович И.Л. Личность и ее формирование в детском возрасте - М. : Просвещение, 1986. 464.*

6 *Лисина М.И. Общение со взрослыми у детей первых 7 лет жизни- ВКН: Проблемы общей, педагогической психологии. (подред. В.В. Давыдова) -М.: Пед. 19786237-252.*

7 *Рубинштейн С.Л. Проблемы общей психологии изд. 2-е отв. ред. Е.С. Шорохова. - М.: Педагогика, 1976.*

#### Резюме

В статье говорится о психологических особенностях общения в младшем школьном возрасте. Раскрывается роль коммуникативного развития младшего школьника, который позволяет успешно формировать не только теоретическое мышление, но и рефлексию на способ речевой деятельности, в частности рассуждение.

Ключевые слова: общение, семья, самовоспитание, самоконтроль, мышление, чистота речи, беседа, личность

#### Зиттағу

The article considers the psychological features of communication in the primary school age. The role of communicative development of the primary school child, which allows to successfully form not only theoretical thinking, but also reflection on the way of speech activity, in particular reasoning.

Key words: communication, family, self-education, self-control, thinking, purity of speech, conversation, personality

УДК 159.922

### ТҮЛҒАНЫҢ ӨЛТІРЛІКІС-ӘРЕКЕТШЕДІГІ РЕФЛЕКСИЯНЫҢ НЕГІЗГІ РӨЛІ

**Ж.Қ. Ибраимова** - п.ғ.к., доцент Абай атындағы ҚазҰПУ

Бұл мақалада тұлғаның өмірлік іс-әрекетіндегі рефлексияның негізгі рөлі өзін-өзі талдау тарапынан сипаттап көрсетілген. Рефлексивтік механизм жұмысының бірізділігі кезеңдерінің зерттеуші А.А.Тюков бойынша 6 түрі ұсынылады.

Тірек сөздер: өмірлік іс-әрекет, рефлексия, тұлға, коммуникативтік, парасаттық, психологиялық, интенционалдық

Рефлексия - өткенге оралу, яғни адамның өз іс-әрекеттерінің, ойларының бастапқы кезіне бірнеше рет қайта оралу қабілеті, өзін сырттан бақылаушының орнына қоя білу, өзінің әрекеттерінді, танымынды, соның ішінде оңдi қалай танытындығынды талдау. Басқаша айтқанда, рефлексия - бұл субъектілердің қосарланып, айна тәрізді өзара шағылысу механизмі. Бұл субъектілердің орнында адамдар да (өзін басқа-ларға теңестіре отырып, адам өзіне солардың көзімен қарайды), көптеген Мен де болуы мүмкін: олар - танушы-Мен, танылатын-Мен, бір уақытта танушы-Менді және танылатын-Менді бақылайтын Мен- бақылаушы /1/.

Көркем әдебиет, поэзия рефлексивтік бейнелерге толы болып келеді, онда кейіпкерлер өзгелер үшін де, өзі үшін де ойлайды. Бұл, екі орындық әдісін қолдана отырып, өз-өзімен шахмат ойнаған тәрізді немесе өз-өзімен сөйлескенге тең. (Мысалы, адам бір орындыққа отырып өзіне, басқа орындыққа отырғандай, кінә тағып, шабуыл жасап, ұялтып немесе мақғай бастайды. Кейін сол екінші орындыққа отырып, өзіне өзі жауап береді, яғни бірінші орындыққа отырған адамға айтқандай болып).

Рефлексия, рефлексивтік ойлау не екендігін бейнелеп көрсету үшін, рефлексивтік ойлауды диагности- калау мақсатында психологтар қолданатын «Үш дана туралы» есепке назар аударайық.

Есеп. Жол үстінде үш дана отырып, олардың қайсысы ақшдырақ деп, дауласа бастайды. Сол уақытта бір өтіп бара жатқан адамды көріп, даудың шешімін содан сұрайды. «Жақсы - дейді ол. - Міне менің қоржынымда 5 тақия бар: екі ақ және үш қара. Мен сездірмей барлығыңа бір-бір тақиядан кигіземін,

тақияның түсін бірінші болып тапқан адам, араларындағы ең ақылды болып есептеледі. Көздерінді жұмындар!» Осы сөздермен жолаушы олардың әрқайсысына бір-бір қара тақиядан кигізеді, ал екі ақ тақияны қоржынына салып қояды. «Көздеріңді ашындар! Басыңдағы тақия ақ па, қара ма, кім бірінші табады?» Даналар бір-біріне қарап ұзақ уақыт отырады. Ақырында біреуі: «Менде - қара тақия!» - деп, сенімді түрде айқай салады. Ол қалай біліп қойды?

Есепті өзіңіз шешіп көріңіз. Енді сіздің шешіміңізді шын жауабымен салыстырып көрейік.

Бірінші дана басқа екеуінің басындағы қара тақияны көріп отыр. Қалған екеуі де өз тараптарынан соны көріп отыр. Бірінші дананың көзқарасымен ойлап көрейік:

- Менің көршілерімнің бастарында қара тақиялар. Менде қандай екен? Ақ немесе қара. Менде ақ тақия деп санайық. Онда екінші дана өз алдында бір ақ және бір қара тақия көруі керек. Бүп жағдайда ол қалай ойлауы керек?

Екінші дананың ойымен:

- Менің алдымда бір ақ және бір қара тақия. Менің басымдағы қандай екен? Ақ деп ойлап көрейік ... Бірақ онда үшінші дана бірден, менде қара деп айтар еді. Алайда ол үндемей отыр! Ендеше менде ақ емес қара тақия болуы керек. Бірақ екінші дана да мұндай шешімге келмей, үндемей отыр! Ендеше, менде ақ тақия емес, қара тақия.

Сонымен, есепті шешу үшін бірізді ойлану қажет, өзің үшін, екінші дана үшін және үшінші дана үшін. Осы рефлексивтік ойлау болып табылады. Алайда есептің тағы да басқа шешімдері бар, оларды келтірілген үлгіге сүйеніп, өзіңіз тауып көріңіз.

Рефлексия ұғымын бейнелеп, мәселеге қайта оралайық, нақты айтқанда рефлексияны өзін-өзі тану механизмі ретінде қарастырайық.

Алдымен, сәйкестендіруден гөрі, рефлексия механизм ретінде кешірек қалыптасатындығын айта кеткен жөн. Егер сәйкестендірте бала ерте жастан қабілетін байқатса, онда рефлексияның бастамасы мектепке дейінгі жасында пайда болады, ал тұлғаның жаңа құрылымы ретінде ол төменгі сынып оқушыларында дамиды. Кейде ересек адамдарда да рефлексияға қабілеті төменгі деңгейде болып қала береді. Қоршаған әлемді, соның ішінде өзіңді де танудың кейбір күрделі жақтары осымен түсіндіріледі.

Әдетте психологияда рефлексияның бірнеше түрлерін ажыратады:

- *коммуникативтік* - басқа адамның ішкі әлемі және қылықтарының себептері турапы көзқарастар оның объектісі болып табылады. Мұнда рефлексия өзге адамды тану механизмі ретінде болады;

- *тұлғачы* - тұлғаның өзі, оның қасиеттері мен ерекшеліктері, мінез-құлықтық сипаттамалары, басқаларға деген қатынас жүйесі тану объектісі болып табылады.

- *парасатты* - әр түрлі міндеттерді шешу барысында, әр түрлі шешім амалдарын талдау қабілеттілігінде, олардың тиімділерін табуда, есептің берілгеніне бірнеше рет оралып келуінде байқалады.

Егер рефлексивтік механизм жұмысының бірізділігін көрсететін болсақ, онда зерттеуші А.А. Тюков белгілегендей, мұндай кезеңдердің 6 түрін көрсетуге болады /2/:

1. *Рефлексивтік амал* - өзге адамды және өзін-өзі басқа әдістермен немесе амалдармен тану мүмкіндік болмаған жағдайда іске асырылады.

2. *Интенционалды* - (интенция - бағыттылық) - рефлексия объектісіне бағытталу, оны басқа объектілердің ішінен бөліп қарау.

3. *Алғашқы категория* - рефлексияны іске асыратын алғашқы құралдарды таңдау.

4. *Рефлексивтік құралдар жүйесін құру* - іріктелген алғашқы құралдар бір жүйеге бірігеді, олар рефлексивтік талдауды мақсатты және дәлелді түрде тексеруге мүмкіндіктер береді,

5. *Рефлексивтік мазмұнның сызбасын құру* әр түрлі белгілер құралдарын қолдану арқышы жүргізіледі: бейнелер, нышандар, сызбалар, тілдік құралдар (мысалы, үш дана турапы есепті шешу үшін, олардың суретін салып немесе сызба түрінде көрсетуге болады - бұл рефлексивтік тануды ұйымдастырады).

6. *Рефлексивтік сипаттаманы объективтендіру* - алынған нәтижені бағалау және талқыға салу; егер нәтижесі қанағаттандырмаса, рефлексия қайта іске қосылады.

Қорытындысында рефлексивтік механизмнің әрекетін басқа адаммен немесе өзін-өзімен сәйкестендіру барысында өзін-өзі талдау тарапынан сипаттап берейік.

Адам өзін өзге адаммен салыстырғанда оның тұлғалық қасиеттерін, мінез-құлық тәсілдерін, қарым-қатынас жасау ерекшеліктерін белгілейді. Ары қарай мұның барлығы рефлексивтік талдауға салынады. Оның нәтижесінде қандай да бір қасиеттің немесе қылықтардың болу себептері анықталады, олар бағаланады, одан кейін сол мінездемелерді өзіне аудару үрдісі жүреді және салыстыру іске асырылады. Соңында өзгенің тұлғалық ерекшеліктеріндей, өзіңнің де тұлғалық қасиеттерің мен қырларың тереңірек ұғынылады.

Басқа нұсқасы да болуы мүмкін. Басқамен өзін салыстырғанда тұлға өзіне оның көзімен қарай бастан-

ды. Нәтижесінде оның көзқарасының өзінікімен сәйкес келмейтінін анықтайды және бұл да өзін-өзі тануды тереңдетеді. Бұл интроспекция заңының әрекетін жеңуге, өзін туралы барабар және тұтас пікірді қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Өзіңмен сәйкестендіру жағдайында рефлексивтік механизмдердің қатысуымен өзін-өзі танудың алуан түрлі нұсқалары болуы мүмкін. Олар, біріншіден, адам өзінің қандай *Менімен* салыстырылатынымен анықталады: танытын-Мен, танылатын-Мен, мінсіз-Мен және т.б., екіншіден, рефлексіе құралдарын ол қаншалықты толық және орынды келтіре алатындығымен, олардан тұтас жүйені жасай алатындығымен анықталады. Тұлғаөзінің қарым-қатынас жасау қабілетін талдай келе, келесі ерекшеліктерді белгілейді/3/:

- сол қасиетті өзінің әлді жағы деп қабылдайды;
- басқа адамдардың орнында болып, сол қасиеттің бар болғандығын көрсетеді;
- сол арада көпшілікпен ол қарым-қатынас жасау қажеттілігін аса сезінбейтінін байқайды, ал қарым- қатынастық қабілеті өзімен талмай еңбек студия негізінде пайда болған;
- қарым-қатынастық қабілетке қарамай, алғашқы байланыс орнатуда, әсіресе өзінен үлкен адамдармен, әлі де кейбір қиындықтар кездеседі;
- әңгімелесушіге, тілдік құралдаға, таптаурындарға және т.б. байланысты, өзгеріп отыратын кейбір тұрақалып қалған бағдарламаларды анықтайды.

Рефлексіе - бұл уақытты, күш-жігерді, белгілі қабілеттерді талап ететін күрделі жұмыс екендігі түсінікті. Сол арада рефлексіе сәйкестендірудегі кемшіліктерді жеңуге, өзін-өзі тану үрдісін мақсатты және саналы етуге көмектеседі. Өділдік үшін айта кеткен жөн, кейбір жағдайларда рефлексіе қабілет- тілік адамға кедергі жасауы да мүмкін, себебі ол *Мен* бейнесін құруға бөгет болатын өкініш, шексіз талдау жасаумен айналысады, сыртқы элементпен өзара байланыс үрдісінде енжарлық бағдар тудырады.

*1 Психология личности: Тексты. - М., 1982.*

*2 Тюков А.А. О путях описания психологических механизмов рефлексии // Проблемы рефлексии: Современные комплексные исследования. - Новосибирск: Наука, 1987. - С. 73.*

*3 Исходные представления и категориальные средства теории деятельности // Разработка и внедрение автоматизированных систем в проектировании (теория методология). - М.: Стройиздат, 1975. - С. 23-45.*

#### Резюме

В данной статье с точки зрения самоанализа дается описание основной роли рефлексии в жизнедеятельности личности. Представлены также 6 этапов последовательности работы механизма согласно исследованию А.А. Тюкова.

Ключевые слова: жизнедеятельность, рефлексия, личность, коммуникативность, рассудительность, психологический, интенциональность

#### Әйтпеш

This article is about the mechanism of self-analysis of the life activity of the individual. The main role of reflection in the life activity of the individual is described from the point of view of self-analysis. Also 6 stages of the sequential work of the mechanism are presented according to the research of A.A. Tyukov.

Keywords: life activity, reflection, personality, communicativeness, reasonableness, psychological, intentionality

УДК 159.9:316.77

### **БІЛІКТІК ЖЕТІЛДІРУ ИНСТИТУТЫ ӘДІСКЕРЛЕРІНІҢ ҰЖЫМДАҒЫ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

**Г.Т. Бекмуратова - психол.ғ.к., Абай атындағы ҚазҰПУ**

Біліктілікті жетілдіру институты әдіскерлерінің ұжымдағы құрылымдық компоненттерінің зерттеу ерекшеліктері қарастырылады. Кәсіби қарым-қатынас саласындағы психология ғылымының жетістіктері дәріптелген. Сондай-ақ, психологияның әртүрлі бағыттағы мәселелерінің нақты дәрежелері сипатталған.

Тірек сөздер: тұлға, қарым-қатынас, эмоционалды хабардарлық, эмпатия, шынайылық, рационалды

Қазақстан Республикасындағы білім беру жүйесінің реформалануы оның барлық деңгейі мен мазмұндық компоненттерін қозғайды. Тенденция түріндегі білім берудің жаһандануы, оның адам кезеңінің бүкіл өмірлік үздіксіздігі мен ұзақтығын ілгерілетеді. Динамикалық өзгерудегі әлеуметтік-психологиялық жағдай тұлғадан жинақылықты, деңгейін өсіруге кәсіби дайындықты және қайта даярлықтың жоғары бейімділігі мен қабілеттілігін талап етеді.